

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетудің тәртібі мен шарттары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 10 мамырдағы N 489 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Халықаралық азаматтық авиация ұйымына (ХААҰ) кіруіне байланысты және әуе кеңістігі пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету, ұшу қауіпсіздігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Аэронавигациялық қызмет көрсету ақысы (ставкалары мен алымдары) және оларды Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардан төлеттіру тәртібі туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсету басқа мемлекеттігіне, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан, барлық пайдаланушыларға Аэронавигациялық қызмет көрсету ақысы (ставкалары мен алымдары) және оларды Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардан төлеттіру тәртібі туралы осы ережеге сәйкес ақылы жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясының құрамында дербес құрылымы - Аэронавигация дирекциясының құрылуы мақұлданып және оған әуе кеңістігі пайдаланылуын бақылау, азаматтық авиацияның әуе қозғалысын басқару және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін ақы төлеттіру функциялары жүктелсін.

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясымен бірлесе отырып Аэронавигация дирекциясы туралы ережені және оны дамыту бағдарламасын бекітсін, онда 1994 жылғы 1 шілдеге дейін мемлекеттік дербес кәсіпорын құру болсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Қорғаныс министрлігі, "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы 1994 - 1995 жылдары аэронавигация жүйесін жетілдіру және оны техникалық жасақтау жөнінде тиісті шараларды жүзеге асыру арқылы республиканың әуе кеңістігін пайдалану тәртібіне бақылау жасалуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының министрлігі;

- шектес мемлекеттердің әуе кеңістігінде әуе қозғалысын басқару ісіндегі өзара іс-қимыл туралы іргелес мемлекеттермен екіжақты келісімдер;

- Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетілуіне мүдделі мемлекеттермен әуе қатынасы туралы үкіметаралық келісімдер жасасатын болсын. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін міндетті түрде ақы төленетіні туралы авиация органдарын, мемлекеттік және жеке авиакомпанияларды х а б а р д а р е т і п о т ы р с ы н .

Жасалатын келісімдер егемен мемлекеттердің әуе кеңістігінде қозғалысты реттеудің халықаралық практикасына, сондай-ақ Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ХААҰ) белгілеген нормалар мен ережелерге қайшы келмеуге т и і с .

5. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін ақы төлеуден мыналар босатылсын:

құрамынан Аэронавигация дирекциясы бөлініп шыққанға дейін республиканың аэронавигациялық жүйесін пайдаланушы және оның күтіп ұсталуына қаржы жұмсап отырған "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік а в и а к о м п а н и я с ы ;

орындалатын коммерциялық рейстерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің авиациясы, Шекара әскерлерінің авиациясы, Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер авиациясы.

6. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін шетелдік валютамен ақы төлеуден түскен кірісті түсімнің 50 процентін уәкілдік алған банктер арқылы Қазақ банкаралық валюта биржасында міндетті түрде сатқаннан кейін тек Қазақстан Республикасының аэронавигация жүйесін дамытуға жұмсайтын болсын.

Аталған қаржының нысаналы мақсатқа жұмсалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қаржы министрлігіне жүктелсін.

7. СССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 1 желтоқсандағы N 1126 қаулысымен бекітілген СССР-де әуе қозғалысын басқарудың бірыңғай жүйесі туралы ережеде көзделген Қазақстан Республикасының Әуе қозғалысын басқарудың бірыңғай жүйесі органдарының жұмыс істеуінің қолданылып жүрген тәртібі сақталсын.

Қ а з а қ с т а н р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң

1994 жылғы 10 мамырдағы
N 489 қаулысына
ҚОСЫМША

**Аэронавигациялық қызмет көрсету ақысы (ставкалары мен алымдары)
және оларды Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін
пайдаланушылардан төлеттіру тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы қызметінің табыс көзі әуе кеңістігін пайдаланушыларға көрсетілетін аэронавигациялық қызмет үшін төленетін ақы түріндегі түсімдер болып табылады.

2. Осы Ереже қызметтің мынадай бағыттары:

жолаушыларды, қол жүгін, поштаны және жүктерді тұрақты және тұрақты емес рейстердегі ішкі мемлекеттік көлік тасымалында әуе қозғалысын басқару;

халық шаруашылығында авиацияны қолдану жөніндегі жұмыс кезінде әуе қозғалысын басқару;

жолаушыларды, қол жүгін, поштаны, жүктерді тұрақты және тұрақты емес рейстерді көлік тасымалы, авиациялық жұмыстар мен көрсетілетін қызмет кезінде шетелдік авиакомпаниялардың және ТМД елдерінің авиакомпаниялары әуе кемелерінің әуе қозғалысын басқару бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін ақы төлеудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

3. Әуе кеңістігін пайдаланушыларға көрсетілетін аэронавигациялық қызметке :

Қазақстан Республикасының әуе жолымен ұшуды орындау кезінде әуе қозғалысын, ұшуды және байланысты радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарын басқаруды қамтамасыз ету;

әуе кемелерінің ұшуы мен қонуы кезінде ұшақ тұрағы ауданында әуе қозғалысын, ұшуды және байланысты радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарын басқаруды қамтамасыз ету;

белгіленген аймақтар мен жауапкершілік аудандарында әуе қозғалысын жоспарлап және оны үйлестіріп отыру жатады.

4. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушыларға:

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясының кәсіпорындары, бірлестіктері мен ұйымдары;

басқа министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары мен ұйымдары;

ведомстводан тыс кәсіпорындар мен ұйымдар;

шетелдік авиакомпаниялар;

әуе кемелерінің басқа иелері жатады.

5. Ақы төлеуге жататын қамтамасыз ету түрлері:

Қазақстан Республикасының әуе жолымен, оның ішінде халықаралық, I санаттағы жергілікті әуе жолымен және әуе қозғалысын басқару орталықтарының аймағындағы ұшу жолдарымен әуе кемелерінің ұшуына аэронавигациялық қызмет көрсету;

ұшақ тұрағы ауданында әуе кемелерінің ұшақ-ұшуына (ұшу-қону) аэронавигациялық қызмет көрсету.

6. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы дирекциясының оқу-жаттығу, сынау, зерттеу және басқа ұшуларды орындайтын, сондай-ақ халық шаруашылығында авиацияны қолдану жөніндегі ұшу жұмыстарын атқаратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін төленетін уағдаластық ақыны белгілеу мен қолдануға құқығы бар.

7. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясының дирекциясы негізгі қызметке жататын басқа да жұмыстар мен көрсетілетін қызмет түрлерінің уағдаластық бағалары мен тарифтерін дербес әзірлейді және қ о л д а н а д ы .

8. Аэронавигациялық қызмет көрсетудің белгіленген ставкалары әуе кеңістігін пайдаланушылардың бәріне бірдей дәрежеде қолданылады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін алым төлеуден:

Аэронавигациялық дирекциясының құрамынан бөлініп шыққанға дейін Қазақстан Республикасының аэронавигация жүйесін пайдаланушы және оны күтіп ұстауға қаржы жұмсап отырған "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік а в и а к о м п а н и я с ы ;

орындалатын коммерциялық рейстерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің авиациясы, Шекара әскерлерінің авиациясы, Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер авиациясы босатылады.

9. Ұшуға аэронавигациялық қызмет көрсету ставкасының мөлшерін "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы дирекциясының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітеді.